

Орта білім беру
ұйымдарында
білім алушыларды
тамақтандыруды ұйымдастыру
бойынша көрсетілетін қызметтерді
берушіні немесе тауарларды
жеткізушіні таңдау жөніндегі
үлгілік конкурстық құжаттамаға
9-қосымша

**Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды
ұйымдастыру бойынша қызмет көрсету немесе тауарлардың
жеткізілімі туралы № 01 үлгілік шарт**

Шымкент қаласы

«05» қантар 2020 ж.

Бұдан әрі Тапсырыс беруші деп аталатын Шымкент қаласы білім басқармасының «Қосалқы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі атынан, Дуйсенбиев А.Ж. бір тараптан және бұдан әрі Өнім беруші деп аталатын "Ұзынбұлақ" ШҚ атынан жеке кәсіпкерді тіркеу туралы куәлік № 0400724 серия № 12915 негізінде әрекет ететін «Ұзынбұлақ» ШҚ, екінші тараптан, ҚР Білім және ғылым министрлігінің 30.10.2018 жылғы № 598 ««Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 47 тармағы және «Шымкент қаласының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің келісім-шарттың мерзімін ұзарту 29.12.2018 жылғы №4333 нұсқаулық хаты, бағдарлама 003 (арнайы оқыту бағдарламалары бойынша жалпы білім беру) бағдарлама 015(жергілікті бюджеттің қаражат есебінен), ерекшелік 141 (азық-түлік сатып алу) бойынша жасасты және мына төмендегілер туралы келісімге келді:

1. Өнім беруші білім беру ұйымында білім алушыларды, оның ішінде білім алушылардың жекелеген санаттарын тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша тауарларды Тапсырыс берушіге жеткізуді міндетіне алады. Келісім шарттың жалпы соммасы 41 497 000 (қырық бір миллион төрт жүз тоқсан жеті мың теңге 00 тиын) оның ішінде ҚҚС 4446107-00 (төрт миллион төрт жүз қырық алты мың бір жүз жеті теңге 00 тиын).

2. Осы Шартта төменде көрсетілген ұғымдар мынадай түсіндірмені білдіретін болады:

1) дүлей күш (форс-мажор) – төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлар (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары және басқалары). Ондай мән-жайларға, атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың рынокта болмауы жатпайды;

2) «Көрсетілетін қызмет» – өндіріс процесі және тауарлар мен аспаздық өнімдерді өндіруді қосқанда орта білім беру ұйымдарының білім алушыларына сапалы және қауіпсіз тамақтандыруды ұсыну.

3) «Тапсырыс беруші» – орган немесе орта білім беру ұйымы.

4) «Тауар» – орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша тауар.

5) «Өнім беруші» – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), Тапсырыс берушімен жасасқан шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін тұлға.

6) «Шарт» – Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жазбаша нысанда жазылған, тараптар оған барлық қосымшаларымен және толықтыруларымен бірге, сондай-ақ шартта сілтеме бар барлық құжаттамамен бірге қол қойған азаматтық-құқықтық акт;

7) «Шарттың бағасы» Тапсырыс беруші Шарттың шеңберінде Өнім берушіге өзінің шарттық міндеттемелерін толық орындағаны үшін төленуге тиіс соманы білдіреді;

Тараптар осы шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе жартылай орындамаған жағдайда, егер ол дүлей күш нәтижесі болып табылса жауапкершілік артпайды.

3. Төменде көрсетілген құжаттар мен оларда айтылған жағдайлар, осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

- 1) осы Шарт;
- 2) техникалық тапсырма;
- 3) Шарттың орындалуын қамтамасыз ету.

4. Өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шарттың жалпы сомасынан 3% (үш пайыз) 1244910 (бір миллион екі жүз қырық төрт мың тоғыз жүз он теңге 00 тиын мөлшерінде ақшалай жарнаны ШҚ ББ «Қосалқы мектеп-интернаты» КММ мынадай банк шотына KZ370705023609910001 «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» РММ, БСК ККМФКЗ2А Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін сатып алу қағидаларында көзделген жағдайға байланысты енгізеді.

5. Өнім берушінің үшінші тұлғалардың тұтастай не Шартты қамтамасыз етуді орындау бөлігінде талап қою құқығының туындауына әкеп соғатын іс-қимыл жасауына жол берілмейді. Тапсырыс берушінің Өнім беруші енгізген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді пайдалануына жол берілмейді.

6. Шарт тиісті қаржы жылына міндеттемелер бойынша бекітілген жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес бөлінген қаражат шегінде 2020 жылға азық-түлік тауарларының бекітілген тарифтік бағаларына сәйкес жасалады және шартты орындау кезінде өнім беруші тарапынан бұзушылықтар болмаған жағдайда көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін, бірақ кемінде екі рет ұзартылады.

7. Өнім беруші қызметті көрсетуді немесе тауарды жеткізуді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық тапсырмаға сәйкес білім беру ұйымдарында жекелеген санаттағы 155 санда (балалар санын көрсету) білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметті немесе тауарды қабылдауды және төлеуді міндетіне алады. Ақы төлеу нысаны аударым болып табылады.

8. Келісім шарт мерзімі 05.01.2020ж-31.12.2020ж. (қоса алғанда). Төлеу мерзімі 05.01.2020ж-31.12.20ж. (қоса алғанда).

9. Ақы төлеу алдындағы қажетті құжаттар: шот-фактура немесе қабылдау-беру актісі.

10. Өнім беруші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз қандай да болмасын адамға Шарттың мазмұнын немесе оның қандай да бір ережелерін, сондай-ақ Тапсырыс беруші немесе осы Шартты орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналды қоспағанда, оның атынан басқа адам берген құжаттаманы немесе ақпаратты ашпауға тиіс. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті шамада берілуге тиіс.

11. Өнім берушінің орта білім беру ұйымдарында жекелеген санаттағы білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілген қызметін немесе тауарды төлеуді көрсетілетін қызметті іс жүзінде орындау бойынша осы Шарттың 8 және 9 тармақтарында көрсетілген нысанда және мерзімде жүргізіледі.

12. Бір жолғы мектептік тамақтандырудың құны бекітілген тамақ нормасынан құралады.

13. Өнім берушімен қызметті көрсету Шартта белгіленген мерзімге сәйкес жүзеге асырылады.

14. Өнім беруші тарапынан қызметті орындауды кешіктіру Шартты орындауды қамтамасыз етуді ұстап, қызметті уақытылы орындамағаны немесе заңнамада қарастырылған басқа шаралар үшін тұрақсыздық айыбын төлеп Тапсырыс берушімен Шартты бұзуына негіз болып табылады.

15. Егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде қызметтерді көрсетпесе, Тапсырыс беруші шарт шеңберінде әрбір мерзімі өткен күн үшін Шарттың бағасынан 0,1 % соманы тұрақсыздық айыбы түрінде шегеріп тастайды.

16. Шарт талаптарын бұзғаны үшін Тапсырыс беруші Өнім берушіге міндеттемелерді орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жібере отырып:

1) егер Өнім беруші қызмет бөлігін немесе барлығын Шартта көзделген мерзімде (дерде) немесе Тапсырыс беруші берген осы Шартты ұзарту кезеңі ішінде бере алмаса;

2) егер Өнім беруші Шарт бойынша қандай да болмасын басқа да өзінің міндеттемелерін орындай алмаса осы Шартты бұзады.

17. Дүлей күш жағдайлары туындаған кезде Өнім беруші Тапсырыс берушіге бір жұмыс күн ішінде мұндай жағдайлар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жібереді. Егер Тапсырыс берушіден өзгеше жазбаша нұсқаулықтар түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауды жалғастырады және дүлей күшке байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздеуді жүргізеді.

18. Өнім беруші, осы Шарттың 17-тармағының талаптарын орындаған жағдайда егер Шартты орындауды кешіктіру дүлей күш нәтижесі болса, өзінің Шартты орындауды қамтамасыз етуден

айырылмайды және Шарттың талаптарын орындамауына орай тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапкершілік жүктемейді.

19. Тапсырыс беруші, егер Өнім беруші төлеуге қабілетсіз болса немесе Жосықсыз әлеуетті өнім берушілердің тізіліміне енсе, Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, кез келген уақытта Шартты бұза алады. Бұл жағдайда бұзу тез арада жүзеге асады және Тапсырыс беруші, егер Шартты бұзу залал келтірмесе немесе іс-әрекеттерді жасауға қандай да болмасын құқықтарды қозғамаса немесе Тапсырыс берушіге қойылған немесе соңынан қойылатын санкцияларды қолданатын жағдайда Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндеттемелер жүктемейді.

20. Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, оның бұдан әрі орындалуының орынсыздығына орай кез келген уақытта Шартты бұза алады. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетіледі, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттың бұзылуы күшіне енген күні көрсетіледі. Ас әзірлейтін бөлік қызметкерлері конкурс кезеңінде ұсынылған қызметкерлеріне сәйкес келмесе Шартты бұзудың негізі болады.

21. Жоғарыда көрсетілген жағдаяттар негізінде Шарт жойылған кезде, Өнім беруші Шарт бойынша бұзуға байланысты оны бұзатын күні іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы төленеді.

22. Тапсырыс беруші мен Өнім беруші тікелей келіссөздер процесінде олардың арасында Шарт бойынша немесе оған байланысты туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды шешуге бар күш-жігерін жұмсайды.

23. Егер осындай келіссөздер басталғаннан кейін 21 (жиырма бір) күн ішінде Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауды шеше алмаса, тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мәселені шешеді.

24. Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады.

25. Шартқа сәйкес тараптардың бірі екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама, кейін түпнұсқасын бере отырып, хат, жеделхат, телекс немесе факс түрінде жіберіледі.

26. Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе күшіне ену көрсетілген күні (егер хабарламада көрсетілсе), бұл күндердің қайсысы кеш болатындығына байланысты күшіне енеді.

27. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төленуге тиіс.

28. Осы Шартта Тапсырыс беруші мен Өнім беруші белгіленген тәртіппен келісілген өзге де айыппұл санкциялары немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де шарттар көзделуі мүмкін.

29. Осы Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық тіркеуден өткізгеннен кейін және Өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізгеннен кейін күшіне енеді.

30. Осы Үлгі шарт орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметті көрсетуді немесе тауарларды сатып алуды Тапсырыс беруші жүзеге асыру процесінде Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді. Осы Шартқа енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар Тапсырыс берушінің конкурстық құжаттамасына, Өнім берушінің конкурстық өтініміне және Конкурс қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес келуі тиіс.

Егер тегін тамақтандыруды алуға құқығы бар білім алушылардың саны өзгерген жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) Шартқа тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

31. Тараптардың мекенжайлары мен деректемелері:

Тапсырыс беруші

Өнім беруші

ШҚ ББ «Қосалқы мектеп-интернаты» КММ

қ. Шымкент, М. Маметова, 95А

БИН 991040002200

БИК KCMFKZ2A

ИИК KZ58070102KSN5901010

И. Маметова бойынша Қазынашылық

Департаменті

ММ коды 3609910

Тел.: 39-04-74 32-16-50

Директор

Дуйсенбиев А.Ж

"Ұзынбұлақ" ШҚ

Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданы

Жиынбай ауылы, Спатаев көшесі, 32 А ӘЙ

БСН/ЖСН 130164004588

БСК ALMNKZKA

ЖСК KZ20826X0KZTD2001534

"АТФБанк" АҚ филиалы

Ұялы тел.: +77760330331

Төраға

Досумбеков Н.М.



Приложение №1 к договору № 1 от 05.01.2020г.

г.Шымкент

от 05.01.2020г.

№ п/п	Наименование	Ед. изм.	Кол-во	Цена	Сумма
1	Апельсин	кг	250	600	150000
2	Балгарский перец	кг	500	197	98500
3	Банан	кг	100	550	55000
4	Варенье в ассортименте	кг	1500	600	900000
5	Вафли	кг	150	600	90000
6	Горох	кг	150	220	33000
7	Дрожжи	кг	19	1500	28500
8	Зеленый горошек (400г)	кг	1000	1300	1300000
9	Зелень укроп, петрушка	кг	100	283	28300
10	Йогурт (0,100 гр 3%)	кг	100	1000	100000
11	Какао	кг	100	900	90000
12	Капуста свежая	кг	1500	140	210000
13	Капуста квашенная	кг	250	300	75000
14	Картофель	кг	10300	97	999100
15	Кефир	литр	5000	200	1000000
16	Колбаса вареная	кг	200	1400	280000
17	Колбаса полукопченая	кг	500	1500	750000
18	консервы рыбные (240гр)	банка	5470	2083	11394010
19	Конфеты каремельные	кг	100	600	60000
20	Конфеты шоколадные	кг	200	900	180000
21	Кофе	кг	200	2800	560000
22	Красный перец	кг	1	445	445
23	Крупа гречневая	кг	249	340	84660
24	Лавровый лист	кг	10	912	9120
25	Лимон	кг	400	750	300000
26	Лук репчатый	кг	2200	86	189200
27	Майонез	кг	850	705	599250
28	Макаронные изделия	кг	300	230	69000
29	Мандарин	кг	950	500	475000
30	Манная крупа	кг	150	212	31800
31	Маргарин сливочное	кг	400	500	200000
32	Масло растительное	литр	500	425	212500
33	Масло сливочное	кг	1400	2000	2800000
34	Маш	кг	50	500	25000
35	мёд	кг	500	1500	750000
36	Молоко	литр	5300	180	954000
37	Морковь	кг	2400	120	288000
38	Мука пшеничная в/с	кг	850	143	121550
39	Мясо баранины	кг	100	1800	180000
40	Мясо говядины	кг	1300	1750	2275000
41	Мясо конины	кг	1600	1850	2960000
42	Мясо птицы	кг	150	800	120000
43	Овсянная крупа	кг	100	170	17000
44	Огурцы соленные	кг	400	300	120000
45	перловка	кг	150	160	24000
46	Печенье	кг	130	500	65000
47	Помидоры свежие	кг	1000	303	303000
48	Помидоры соленные	кг	500	300	150000

49	Пряники	кг	120	460	55200
50	Пшено	кг	200	250	50000
51	Редька	кг	100	116	11600
52	Рис	кг	500	300	150000
53	Сахар-песок	кг	1900	225	427500
54	Свежемороженая рыба	кг	400	800	320000
55	Свежие огурцы	кг	880	350	308000
56	Свекла	кг	800	117	93600
57	Сгущенное молоко	кг	1300	833	1082900
58	Селдь	кг	200	850	170000
59	Сливки 33%	литр	100	1300	130000
60	Сметана	литр	250	900	225000
61	Сода пищевая (0,500 гр)	кг	10	280	2800
62	Сок гранатовый	литр	4000	400	1600000
63	Сок томатный	литр	320	330	105600
64	Сок яблочный	литр	600	330	198000
65	Соль	кг	220	59	12980
66	Сыр	кг	340	1800	612000
67	Творог	кг	1750	856	1498000
68	Томатная паста	кг	400	350	140000
69	Тыква	кг	1000	100	100000
70	Уксус (0,300 гр)	литр	5	467	2335
71	Фасоль	кг	50	550	27500
72	Хлеб пшеничный в/с	кг	9600	140	1344000
73	Чай	кг	5	2800	14000
74	Черный перец	кг	10	745	7450
75	Чеснок	кг	50	1000	50000
76	Яблоки	кг	650	336	218400
77	Яйцо	шт	28800	29	835200
	ИТОГ				41497000

ПОСТАВЩИК

КХ «УЗЫНБУЛАК»
 ИИК KZ20826X0KZTD2001534
 БИН/ИИН 130164004588
 АО "АТФБанк" г. Шымкент
 БИК ALMNKZKA
 Адрес: ЮКО, Тюлькубасский р/он,
 пос Жиынбай,
 ул Спатаева д32

Директор

Досумбеков Н. М

М.П.



«Заказчик»

КГУ «Вспомогательная
 школа-интернат» управление
 образования города Шымкент
 Адрес: г.Шымкент ул.М.Маметова 95а,
 (ИИК) KZ58070102KSN5901010
 (БИК) KKMFKZ2A
 Департамент Казначейства по
 городу Шымкент
 Код ГУ 3609910
 БИН (ИИН) 991040002200

Директор

Дуйсенбиев А.Ж.

